

УДК:338.43.01

Б. М. Хусаинов, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

А. А. Жайтлеуова, экономика магистрі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

АГРАРЛЫҚ САЯСАТ ҮШІН БАСЫМДЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация

Дүниежүзілік сауда ұйымы, ауыл шаруашылығы бойынша Уругвай келісім шарты, ішкі көмек, ауыл шаруашылығы және тамақ тауарларының тарифтік қорғаудың орташа деңгейі, мемлекеттің аграрлық саясатының дамуы факторлары мен мақсаттарының сұрақтары мақалада қарастырылған.

***Түйін сөздер:** Әлемдік сауда ұйымы, ауыл шаруашылық бойынша Уругвайлық келісім, ішкі қолдау және ауылшаруашылық және азық-түлік тауарын қорғаудың орташа тарифтік деңгейі, мемлекеттің аграрлық дамуының факторлары мен мақсаттары, ауыл шаруашылығы бойынша ВТО Келісімшартында бар қағида.*

Қазіргі заманғы ақпаратты-маңызды әлемде мемлекеттің аграрлық саясатын жетілдіру және дамуы үшін ерекше маңыздысы экономикалық тиімділікті зерделеу және әлемдік нарықтағы мемлекеттің астық өндірісіндегі бәсекеге қабілеттілігі, тауарөндірушілерді мемлекеттік саясатпен қолдау және оны қолдануда сәйкесінше механизмдерді іздестіру.

«Астық өндірудің экономикалық тиімділігі және нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі» тақырыбындағы ғылыми зерттеу Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің экономика және менеджмент кафедрасының ғылыми-зерттеу жоспарына сай орындалған: «Ауыл шаруашылық өндірісінің қызмет ету тиімділігін қамтамасыз ету үшін АӨК дамуының әлеуметтік-экономикалық механизмдерін жетілдіру».

Қазақстан Республикасындағы астық өндірісінің статистикалық және экономикалық талдау жүргізілді және оның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі анықталды, аграрлық өндіріске мемлекеттік саяси қолдауының дамуы, Дүниежүзілік сауда ұйымы ұсынған шарттарға сай оның ерекшеліктері зерттелді [1].

Зерттеудің басты мақсаты Қазақстандағы астық өндірісінің экономикалық тиімділігін, әлемдік ішкі және сыртқы азық-түлік нарығындағы үрдістің дамуы және ерекшеліктерін есепке ала отырып, астық саласының бәсекеге қабілеттілігі, соған байланысты келесі міндеттемелер көрсетілген:

1. Бәсекеге қабілеттіліктің теориялық негіздері;
2. Экономиканың аграрлық секторының мемлекеттік қолдауындағы ғылыми тәсілдерінің үйлесімділігі;
3. Қазақстан Республикасындағы аграрлық секторды мемлекеттік қолдауының жағдайы;
4. Астықтың әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің методологиялық ерекшеліктері;
5. Бәсекеге қабілетті астық өнімінің көрсеткіштері, олардың талдаулары мен басқа экономикалық көрсеткіштердің ішіндегі рөлі;
6. Әлемдік нарықтағы астықтың анализі мен жағдаяты, ағымдағы ахуалы;
7. Қазақстан Республикасындағы астық саласының дамуындағы негізгі келешегі;
8. Астықтың бағасын қалыптастыруды үйрену және астық нарығындағы баға белгілеу шарты;
9. Өндіріс факторларына тәуелді астықтың өзіндік құнының құрылымдық талдауы;
10. Астықтың сапасы – ауыл шаруашылық өнімінің бәсекеге қабілеттілік негізі ретінде.

Ұлттық экономикадағы макро- және микро деңгейдегі бәсекеге қабілеттілік мазмұнын анықтаудағы методологиялық тәсілдер.

Ауыл шаруашылық дамуындағы Дүниежүзілік сауда ұйымдардың қойған талаптары Қазақстан Республикасындағы экономика үшін зор маңызы бар.

Астық нарығындағы бәсекеге қабілеттілік мәселелерін зерделеуде мемлекеттік аграрлық саясаттың басымдылығын Дүниежүзілік сауда ұйымдарының талаптарымен қатаң сәйкестігін анықтау болып табылады, 1995 жылы Женева қаласында, Швейцария, штаб-квартирасымен құрылған сауда мәселелерінің шешімдерінің және сауданы басқару ережесімен құрылғанымен жүзеге асады.

Тарихи Дүниежүзілік сауда ұйымы ТСБК әлемдік құрылымының толық заңды қабылдағышы болып келеді – 1949 жылы әлемнің дамыған елдерімен қол қойылған, Тариф және сауда бойынша басты келісім (ТСБК)

Белгілі болғандай, қазіргі уақытта Дүниежүзілік сауда ұйымының ел-мүшелері ғаламдағы 160 елден артық, немесе жаһандық өнімнің және қазметтің 95% өндіретін, жалпы мемлекеттердің санының 75 %.

Отандық экономика ғалымдары мен сарапшылардың ойынша, әлемдегі мемлекеттердің 140 астамы Әлемдік экономикада Қазақстанның сенімді және тұрақты сауда серіктестері.

Бұл байланыста, Қазақстан Республикасы өзінің ішкі саясатында ДСҰ елдер-мүшелігімен өзіне тиімді шарттарымен сауда қатынастарын одан да тиімдірек етіп реттеуге мақсатты түрде талпыну қажет.

Ауыл шаруашылық бойынша Уругвайлық келісім, астық нарығындағы бәсекеге қабілеттілік мәселенің маңыздылығын толық және нақты түсіну үшін, өте маңызды іргелі құжат екенін айта кету керек.

Көрсетілген ірі экономикалық келісім 1974 жылы әлемнің елу дамыған елдерімен бірауыздан қол қойылды, және қазіргі күні келесі негізгі бағыттардың тұрады (кесте.1).

1 кесте – Ауыл шаруашылығы бойынша Уругвайлық келісімнің басты бағыттары

№	Бағыттың атауы	Аңғартпа
1	Нарыққа қолжетімділік	Экспорт пен импорттың міндетті пайыздық сәйкестігі
2	Ішкі қолдау	Негізінен жасыл және сары кәрзеңкені міндетті толтыру
3	Экспортты субсидия	Мемлекет тарапынан міндетті қолдау
4	Санитарлы және фитосанитарлы келісім	Қажет болған жағдайда қосымша жүргізіледі.

1 кестеде көрсетілгендей, елдер арасында сыртқы саудада басты үш бағыт міндетті болып есептеледі және уақыт көрсеткендей, оларсыз дұрыс бизнес жүргізу мүмкін емес.

Оған қоса, санитарлы және фитосанитарлы келісімдер, ауыл шаруашылығына тән, мұқият сойлесіп және содан кейін екі жақтың бірі немесе қажет болған жағдайда өзара тиімді негізде қол қояды [2].

Қазақстан Республикасының 1996 жылдан бері жемісті жұмысының нәтижесінде ДСҰ -ның тұрақты он екі ел-мүшелігімен, соның ішінде әлемдік қауымдастықтың көзқарастарындағы елдің беделіне жақсы жағынан әсер ететін екі жақты келісімге қол қойылды.

Енді Қазақстанға барлық сұрақтар бойынша және алдағы уақытта екі негізгі жетекші және әлемнің ірі елдерімен– Америка Құрама Штаттарымен және құрлықтағы 27 дамыған ел кіретін Еуропалық Одақпен екіжақты құжатқа қол қойылу керек.

Қазақстанның көрсетілген ұйымның ел-мүшелігінің ауыл шаруашылық сұрақтары бойынша келісім орнату бағдары ДСҰ талаптарына тіркеліп және Уругвайлық жаңа келіссөздер шеңберінде екі жаққа өзара тиімді тәжірибесін ескере отырып, бекітіледі (кесте 2).

2 кестеде көрсетілгендей, көк себет алғашқы рет бір рет қана Еуропа Одақтық мемлекеттерге рұқсат етіліп және қолданғаны, азық-түлік дағдарысы кезінде XX ғасырдың 80 жылдары жалпы көлемі – \$ 19,1 млрд құрады.

Жоспарлау мен үйлесімдік әрекеті өндіріс орнында бар өндірістік факторлардың толық қолдануына себептеседі – материалдық, еңбектік, қаржылық және ақпараттық ресурстар.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының маңызды артықшылығы ғылыми-түсініктемелік жете дайындығы және елдің Дүниежүзілік сауда ұйымында өзін – өзі көрсетуі бойынша нәтижелі жұмысы болып келеді.

2 кесте – Әр түрлі елдегі азық-түлік және ауылшаруашылық тауарларын қорғаудың орташа деңгейлік тарифі және ішкі қолдау

№	Мемлекеттер	Ішкі қолдау \$ млрд		Ауыл шаруашылық және азық-түлік тауарларын қорғаудың орташа деңгейлік тарифі
		Көк себет	Жасыл себе	
1	Қазақстан Республикасы		0,9	11
2	Ресей Федерациясы		1,7	14
3	Украина		1,2	12
4	ЕО	19,1	43,4	19,5
5	АҚШ		17	12
6	Канада		0,8	23
7	Норвегия		1,6	123,7
8	Венгрия		0,4	22,2
9	Польша		0,3	52,8
10	Үндістан		2,0	124,3
11	Швейцария		2,3	51,1
12	Бүкіл әлем			62

Көрсетілген әлемдік ұйым тауарлар мен ұсыныстардың әлемдік саудасымен тиімді механизммен ырықтандыруды анық жүзеге асырады, оған қоса онымен әр түрлі мемлекеттер арасындағы тығыз байланысты экономикалық қарым қатынас жүйесі.

Жемісті аграрлық саясат және әлемдік экономикадағы жаһандану жағдайындағы оның ұлттық ерекшеліктері бар ресурстарды анығырақ және теңді пайдалану және ауылшаруашылық өндірісін дұрыс жүргізуге мүмкіншілік береді деп анықталған.

Аграрлық саясат – бұл бір немесе бір уақытта бірнеше саяси декларацияланған және экономикалық қамтылған, әлеуметтік-қорғалған бағыттар бойынша мемлекетті агроөнеркәсіптік кешеннің дамуымен басқару.

Соған байланысты, мемлекет экономикасында үлкен және экстенсивті ауылшаруашылық секторына нақты және қазіргі заманғы мемлекет араласуын жүргізу қажет.

Жаһандану жағдайында бұл өте тиімді, өйткені топырақта өңдеу, тыңайту, дақылдарды дұрыс егу және өсімдіктерді күту, оған қоса егінді тазалау тиімділігі бойынша жоспарланған шараларды жүргізумен себептеседі [3].

Жаңа индустриалды типтегі агроөнеркәсіптік өндірістің маңызды міндеттерінің бірі тек қана мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауылшаруашылық өнімінің көлемінің қалдықты үлкеюі ғана емес.

Сонымен қоса кірістің айтарлықтай өсуі, агрожүйенің экономикалық потенциалдағы тиімді пайдалану базасындағы бәсекеге қабілеттілік саласы, ауылшаруашылық өсімдіктер мен жануарлардың тектік қоры, материалды, қаржылы және еңбек ресурсы (Мельник Ю.Ф., Саблук П.Т.)

Сондықтан, беделді экономист-ғалымдардың ойынша, барлық әлемдік қауымдастықтарды белсенді қолданылатын, экономикалық дамуға қажетті мемлекеттің аграрлы саясатының негізгі мақсаты келесіде жасалады (кесте 3).

3 кесте – Аграрлық саясаттың мақсаттары

№	Негізгі мақсаттары	Аңғартпа
1	Мемлекеттің азық-түліктік қауіпсіздігінің кепілі	+
2	Агроөнеркәсіптік кешеннің мемлекеттік экономика секторындағы жоғары тиімділікті және бәсекеге қабілеттілікке, ішкі секілді, және сыртқы нарықтағыдай, өзгеруі	+
3	Ауыл шекарасын дамуы мен әлеуметтік мәселелерді шешу негізінде, ауыл шекарасын ұлттың мәдениеті мен рухын тасымалдаушы ретінде сақтап қалу	+

3 кестеде көрсетілгендей, ауылшаруашылық өндірістерінің басқармасының негізгі мақсаттарын біле тұра, толық сенімділікпен болашаққа қарауға болады.

2001 жылы Қазақстан Республикасында әлемдік халқаралық стандарттарға сай және ұйымдастыру мен ауыл шаруашылығында аграрлық саясатты мемлекеттік органдармен өзгеріссіз сәйкес келетін, негізгі заңды және нормативті-құқықтық актілер, заңды түрде қабылданып және аймақта жүзеге асты – Қазақстан Республикасының Конституциясы, Жер кодексі, «Астық өндірісі туралы», «Тұқым шаруашылығы туралы» және тағы басқа Қазақстан Республикасының Заңдары [4].

Белгілі болғандай, аграрлық саясат ауылшаруашылық өндіріске айтарлықтай әсер ететін, бәсекелік факторларға өте қатты тәуелді (кесте 4).

4 кесте – Мемлекеттің аграрлық саясатындағы дамуының факторлары

№	Фактор	Сипаттамасы
1	Макроэкономикалық	АПК да және толық экономикадағы шаруашылық әрекеттіліктегі субъектердің мінез-құлқын анықтау
2	Институциялық	Нормативті-құқықтық базаның қалыптасуын, ауылшаруашылық өніміндегі нарық дамуы, мемлекеттік басқарудағы механизмдердің өрістеуі және АПК басқаруының мемлекеттік емес институттарының дамуы, ел тұрғындарды бағаның жаңа жүйесін қалыптастыруда бағдарлау
3	Құрылымдық	Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ артықшылығын қалыптастырумен байланысты.
4	Бюджеттік, бағалық, салықтық, несие-қаржылық, және басқада	АПК басқармасының нарықтық тиімділігін анықтайтын факторлар
5	Сыртқыэкономикалық	Әлемдік азық-түлік нарығының және қоршаған ортаның, экономиканың аграрлық секторының дамуына әсерін сипаттайтындығын көрсетеді
6	Экологиялық	Жер пайдалануда тұрақты шарттармен қамтуға мүмкіншілік жасайды.
7	Әлеуметтік	Аграрлық реформа шараларын қолдану деңгейін, ауыл тұрғындарының өндірістік және басқарудағы жаңа технологияларды енгізу дайындығының дәрежесін көрсетеді

4 кестеде көріп тұрғанымыздай, макроэкономикалық факторлар – бұл 2000-2014 жж. бойы жүргізіліп келген, макроэкономиканың тұрақтылық саясаты, негізінен аграрлық секторды реформалау процесінде жақсы жағынан әсер етті, дегенмен, жақсы процестер тұрақты болмайды, экономика дамуында қайталанған сәттер болып есептелмейді және саяси факторға өте қатты тәуелді.

Баға факторы – агроөнеркәсіптік кешенде баға саясатын қосатын, баға жасайудың толық ырықтандыру негізінде ауылшаруашылық тауарөндірушілік кірістерді қолдауының бірлестігінде, барлық ауылшаруашылық өнімдері мен олармен қолданатын, материалды-технологиялық ресурстарына бағаларды антимонополиялық бақылауды тұрақты күшейту болып табылады.

Сыртқы-экономикалық көрсеткіштер – қазіргі кезде Қазақстан Республикасы экономикасының аграрлық секторы ауылшаруашылық өнімінің әртүрлеріндегі барлық сектордың патенциалды толық емес мөлшердегі экспорттың өткізілген әлеуеті ретінде үлкен маңызы бар.

Жаңа аграрлық саясаттың артықшылықтарын ғылыми-түсініктемелі дәлелдеу қажет және заң жүзінде және нормативті деңгейде, Қазақстан Республикасының барлық орындаушы органдары олардың әрекеттерін қабылдау үшін, сапалы бекіту қажет.

Қазіргі заманғы әлем Б. Гейтстің айтқанындай «ойдың жылдамдығындай» дегендей, саналы және сапалы әр күн сайын өзгереді және сондықтан елдің жаңа аграрлық саясаттың артықшылықтарын анықтауды талап етеді [5].

Елдің астық кешеніндегі көптеген елеулі және өзекті мәселелері үнемі пайда болады, әсіресе қазір, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру кезіндегі жете және ұқыпты дайындық кезінде.

Және олардың барлығы әр түрлі экономикалық сипатта көкейкесті және маңызды мәселелерге байланысты атқарушы органдардан және жергілікті атқарушы органдардан үздіксіз жылдам шешімді талап етеді.

ДСҰ ауыл шаруашылығы бойынша келісімі аграрлық өндірістегі және ауылшаруашылық өнімінің экспортындағы аз уақытта шектелген қаражаттандыруға мақсатталған.

Және барлық халықаралық ауыл шаруашылық өнімінің саудасының ырықсыздандыруды жүзеге асырылады, сонымен қатар елдегі ұлттық астық нарығын қорғаудың нақты шектеулілігі.

Тәжірибеден кейін, ауыл шаруашылық бойынша ДСҰ келісімі тиімді аграрлық өндірісті сақтау үшін сақтау керек болатын, белгілі жағдайларды қоса сипатталатындығы бекітілген (кесте 5).

5 кесте – Ауыл шаруашылығы бойынша ДСҰ Келісімі бар, қағидасы

№	Атауы	Аңғартпа
1	Тарификация механизмдерін қолдану, яғни тарифті емес реттеуді анықталған формула бойынша қарапайым шеттен әкелінетін кедендік баждармен (үлес, минималды бағалар мен басқаларын лицензиялау) ауыстыру, одан кейін баждардың әр өнім түрі бойынша 15% кем емес кезекпен түсу.	+
2	Ауыл шаруашылықтың мемлекетпен ішкі қолдаудың жаймен қысқаруы (ст.6 Келісіміне сәйкес мемлекет дамуы ауыл шаруашылығындағы қаражатты 6 жыл ішінде 20% кішірейту керек, сонымен қатар дамып жатқандарда – базалық кезеңмен салыстырғанда 10 жыл ішінде 13,3%, сәйкес елге кеміту тізімі бекітілген)	+
3	Ауыл шаруашылық тауарларының экспорттарын тікелей қаражаттандыруын қысқарту	+

5 кестеден көрініп тұрғандай, тарификация механизмін дәйекті түрде қолдану өте тиімді, яғни тарифті емес реттеуді анықталған формула бойынша қарапайым шеттен әкелінетін кедендік баждармен (үлес, минималды бағалар мен басқаларын лицензиялау) ауыстыру, одан кейін баждардың әр өнім түрі бойынша 15% кем емес кезекпен түсу.

Қазіргі сәтте Қазақстан Республикасы көп жылдық еңбексыйымдылықты, бірақ кіру бойынша ел-мүшелігімен және Дүниежүзілік сауды ұйымының мүшелігіне қабылдауының аяқталуына жақын.

Қазіргі күні, талаптарға сай Қазақстан әкі жақты келісімге қол қою керек болатын 14 ел-мүшелігінен, келісімге қол қоймаған тек екі ел қалды – АҚШ және Еуропалық Одақ [6].

Соған байланысты, тәжірибе көрсеткендей, ДСҰ біздің елдің кіруіне дейінгі уақытты, тиімді және рынды пайдалану қажет, өйткені ол дағдарысты жағдайдан шығу үшін жиналған потенциалды іске толықтай іске асыруға мүмкіншілік береді.

Және алдағы уақытта «Қазақстан - 2050» Стратегиясына сай, Қазақстан Республикасының әлемнің бәсекеге қабілетті отыз елінің ішіне кіру үшін, астық өндірісінің экономикалық тиімділігі мен оның бәсекеге қабілеттілігін көтеру керек.

«Астық өндірісінің экономикалық тиімділігі және нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік жұмыста теориялық түсініктемелер мен астық өндірісіндегі экономикалық тиімділігіндегі мәселелі сұрақтар кешенінің ғылыми мәселесі, оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі, оған қоса Қазақстандағы аграрлық өндірісті мемлекеттік қолдау саласында Әлемдік сауда ұйымының талаптары мен шарттарына сай көрсетілген.

Жүргізілген ғылыми тәжірибе нәтижесінде 2011-2014 жж Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің менеджмент кафедра базасында келесі ғылыми және тәжірибелік қорытындылар жасалды:

1. Ауыл шаруашылығын дамытуда ДСҰ негізгі тәжірибелерінің өзінің ерекшеліктері бар, дегенмен ішкі қолдауды түсіру сұрақтары, елдер арасында сыртқы саудада алғашқы үш бағыт міндетті және уақыт көрсеткендей, оларсыз дұрыс аграрлық бизнес жүргізу мүмкін емес.

2. Мемлекеттің аграрлық саясаты және жаңа әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында оның дамуының ерекшеліктері шын бейнені көрсетеді, оның көмегімен антидағдарыс шаралары өткізіледі, көк себет мөлшері алғашқы рет Еуропа Одағының елдеріне тек бір рет қолданылып, рұқсат етілді жалпы көлемде – \$ 19,1млрд.

3. Қазақстан Республикасының жаңа аграрлық саясаттың артықшылықтары жоба жетістігімен қоса, ауылдағы көптеген өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіншілік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Скрынник Е. Продовольственная безопасность – важная составляющая системы национальной безопасности России / Е. Скрынник // АПК: Экономика, управление. – 2012. – №1. – С. 3-14.

2 Князев А. Государственное кредитование аграрной сферы экономики / А.Князев // АПК: Экономика, управление. – 2011. – №1. – С. 51-55.

3 Нугербеков С.Н. Диверсификация экономики Казахстана: развитие инновационных секторов и встраивание в глобальные цепочки добавленных стоимостей / С.Н. Нугербеков // Транзитная экономика. – 2009. – №3-4. – С. 5-15.

4 Омурзаков Т.К. Государственная поддержка предпринимательства в условиях вхождения Казахстана в ВТО / Т.К. Омурзаков // Транзитная экономика. – 2010. – №2. – С. 29-36.

5 Никитина Г. Антикризисные меры в АПК стран ближнего зарубежья / Г. Никитина, В. Григорук // Агроинформ. – 2010. – №1. – С. 19-22.

6 Baker W. NetworkingSmart. N.Y.: McGrawHill, 1994; Burt R.S. StructuralHoles: TheSocialStructureofCompetition. Cambridge, HarvardUniversityPress, 1995.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы касающиеся Всемирной торговой организации, Уругвайского соглашения по сельскому хозяйству, внутренней поддержки, средний уровень тарифной защиты сельскохозяйственных и продовольственных товаров, цели и факторы развития аграрной политики государства.

RESUME

In the article the main of World Trade Organization, Uruguay Complied factors agricultural innovation and middle degree tariff defence agricultural and food target and factors grow development states agrarian political of the country enterprises competitiveness of grain field are considered economic is determined.